

• РЕСМИ

Жұмыс уақыты өзгерді

Денсаулық сақтау министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, медициналық-санитариялық алғашқы көмектің жаңартылған стандарты бекітілді. Басты өзгеріс – жалпы практика дәрігерлерінің жұмыс уақытының өзгеруінде. Енді бұл дәрігерлердің жұмыс күні 8 сағатты құрайды.

Жұмыс күнінің 6 сағаты – науқастарды қабылдауға арналса, қалған 2 сағаты құжаттарды рәсімдеп, жоспарлы түрде ем жүргізуге жұмсалады. Бұл режим қабылдау сапасын арттырып, дәрігерлердің жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Министрліктің мәлімдеуінше, 2027 жылға қарай медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары жалпы практика қағидаттарына көшеді. Терапевтер мен педиатрлар мобильді және мультидисциплиналық топтардың құрамына кіретін бейінді мамандар ретінде жұмыс істейтін болады.

Жалпы емханалардағы жедел жәрдем кабинеттері денсаулық сақтау жүйесінде маңызды рөл атқарады. Жедел жәрдем келгенге дейін науқас өміріне қауіп төнбейтін жағдайларда жедел медициналық тексеру мен емдеу осы кабинеттерде жүзеге асады.

Өз тілшімізден

Капитал: идея мен инновация

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы – жаңа дәуірге бастау болған тарихи үндеу. Президент Жолдауының жарқын жолдарында кәсіпкерлікке ерекше екпін беріліп, берекелі бизнес ұлттық экономиканың тірегі, қоғамның өркендеу өзегі көрініс табады. Жаһанда жасанды жадының салтанат құрар уағында тандауды тақырып зер салып, зерделуді қажет ететіндей.

 Еркәнат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір қосымша, мың мүмкіндік

Қарағанды кәсіпкері болса, өңірін көмір мен металлургияның ғана емес, үр жаңа сандық экономиканың да орталығына айналдырып келеді. Әсілі, кәсіпкерлікті қолдау мен салықтық әкімшілендіруді толық цифрландыру үрдісі басым бағыт ретінде аталып жатқанда аймақ тынысы «Ескі индустрия – жаңа технология» қағидатының шеңберінде өрбитіні қапысыз шындық. Задында, ендігі Қарағандыны бұрнағы ауыр өндіріс аймағы деп қана сипаттау екі бастан қате болар еді. Соңғы жылдар мұғдарында өңір кәсіпкерлері сандық құралдарды белсенді енгізіп, бәсірелі бизнесті тұғырлы да мінберлі деңгейге ойыстырып келеді. Облыстағы әлеуетті IT-хаб осы шақта жүздеген жас маманды, стартап иелерін және өнеркәсіп кәсіпорындарын бір



Коллаж жасаған Аруйлым Қосыева

алаңға тоғыстырып та үлгерген. Өңірдегі цифрлық кәсіпкерліктің жарқын бір мысалы – Eteno қызметі. 2014 жылы жергілікті жас кәсіпкерлердің зият бастамасымен құрылған мұндай тағам жеткізу

платформасы бүгінде 15 қалада қанатын кең серпіді. Биыл маусым айында «Grand Games» компаниясы аталған сервисің 75 пайыз үлесін сатып алып, жобаны ұлттық деңгейге бірақ шығарды.

Ай сайын шамамен 30-60 мың тапсырыс қабылдайтын санды қосымша енді жасанды жады негізіндегі логистика мен автоматтандыру жүйесін енгізіп жатыр. Мұны біз қарапайым стартаптың



ұлттық брендке айналуының айқын дәлелі дейміз.

Технологияның тиімді тұсы

Мемлекет мінбері де сыбағалы бизнеске қызмет ету тәсілін біртін-біртін түбегейлі өзгертуде. Бүгінде 92 пайыздан астам мемлекеттік қызмет онлайн форматқа көшірілді. Елге аты мәшһүр eGov.kz пен eGov Mobile платформалары арқылы кәсіпкерлер салық, лицензия, тіркеу секілді әкімшілік рәсімдерді бірнеше мезетте шеше салады қазір. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен жаңа Салық кодексі қабылданып, есеп беру формаларының 30 пайызға қысқаруы кәсіпкерлер үшін айтарлықтай жеңілдік сыйлады. Мұндай кешенді шаралар бизнесті дамытуға қолайлы экосүйе қалыптастырып, өңір кәсіпкерлерінің жаңа идеяларды батыл іске асыруына данғыл жол ашып отыр. Иә, сандық серпін қала, аудан, ауылды талғамайды. Дегенмен, цифрлық дамуда аймақаралық теңсіздік мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Мәселен, моноқалаларда интернет инфрақұрылымы мен кадр тапшылығы әлі де арагдік аңдалып қалады. Осы албарда білік тарабы мен бизнестің серіктестігі әлі де қажет сынды.

► 3-бет

Қауіп қайдан деменіз...

Интернет пен цифрлық технологияның қарыштап дамуы көптеген салаға серпіліс тудырғаны хак. Әйткенмен, оның көлеңкесінде алаяқтықтың жаңа түрлері пайда болып, қауіп, тіпті, еселене түсті. Қаржы операцияларының онлайн форматқа көшуі қылмыскерлерге жеңілдік әкелді. Профилактикалық іс-шаралардың жиі ұйымдастырылуына қарамастан, интернет-алаяқтардың құрбанына айналатындар аз емес. Баспасөз мәслихатында полиция қызметкерлері киберқылмысқа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін таныстырып, алаяқтардан сақтанудың негізгі қағидаларын тағы бір мәрте еске салды.

 Маржан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, қылмыскерлер бүгінде адамның сеніміне кіруге бар күш-жігерін салып бағады. Бірде өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, азаматтың шотында күдікті операция тіркелгенін айтып қорқытады. Енді бірде жоғары табыс әкелетін инвестициялық жоба ұсынады. Кейде шетелдік нөмірден хабарласып, тосын жаңалықпен абдыратып қояды. Ал, фишингтік сілтемелер арқылы адамның банк деректері қолды болып, барлық қаражаты санаулы минут ішінде басқа шоттарға аударылып кетеді. Мұндай жедел іс-әрекеттердің бәрі адамның ойла-нып үлгеруіне мүмкіндік бермейді. Әрі алаяқтар дәл осы сәтті шебер пайдаланады.

Ә.Бөкейхан аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Арман Меллятов интернет-алаықтықпен күресте соңғы жылдары енгізілген жаңа тетіктердің тиімді нәтиже беріп жатқанын айтты. Оның ішінде Ұлттық Банк енгізген қаржы ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасындағы деректерді жедел алмасу жүйесі аса маңызды. Антифрод-орталық күмән тудыратын транзакцияларды нақты уақыт режимінде бақылап, бірден бұғаттайды. Егер операцияның алаяқтардың әрекеті екені дәлелденсе, қаржы несіне



Коллаж жасаған Аруйлым Қосыева

қайтарылып келеді. Айта кету керек, осы жүйенің арқасында облыс тұрғындарына бүгінде шамамен 35 миллион тенге қайтарылып, тағы бірқатар қылмыс бойынша тексеру жалғасып жатыр. Алаяқтар жаңа айлаға көшкен сайын, тәртіп сақшылары да қосымша қарсы шаралар әзірлеуде.

Киберқауіпсіздікті күшейту мақсатында биыл фишингтік ресурстарды анықтайтын арнайы бақылау жүйесі іске қосылған. Оның көмегімен жыл басынан бері жеті мыңнан астам жалған сайт бұғатталды. Сонымен қатар, шетелдік нөмірлерден жасалатын күдікті қоңырауларды тіркеп, дереу тоқтататын арнайы call-орталық жұмыс істейді. Мұндай жүйелердің енгізілуі облыстағы интернет-алаықтықтың алдын алуға айтарлықтай әсер етіп отыр.

– Тұрғындар көбіне өздерін банк немесе сақтандыру компаниясының қызметкері ретінде таныстырған алаяқтардың сөзіне сеніп қалады. Шын мәнінде, банк те, полиция да телефон арқылы несие рәсімдеуді талап етпейді, ешқашан шотқа қатысты құпия ақпарат сұрамайды. Кез

келген «жедел шешім қабылдауыңыз керек» деп қысым жасайтын қоңырау – алаяқтықтың айқын белгісі. Мұндай жағдайда әңгімені дереу тоқтатып, банкке өзіңіз қайта хабарласқан жөн, – деді Михайлов полиция бөлімінің бастығы, майор Айбек Алпысбаев.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, интернет-алаықтардан қорғанудың ең сенімді жолы – қарапайым сақтық. Белгісіз сілтемелерге өтпеу, банк картасының деректерін ешкімге айтпау, телефонға келген растау кодын таныс адамға да жібермеу, күмән туындаған жағдайда банктің ресми нөміріне өзің хабарласу – қауіптің алдын алудың басты тәсілдері. Сондай-ақ «жеңіл табыс» ұсынатын инвестициялық платформаларға сенгіштік көптеген азаматты қаржылық шығынға батырғаны мәлім.

Интернет-алаықтарының әдісі үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан, қырағылық пен ақпараттық сауаттылық-қазіргі қоғамның басты қорғанысы. Полиция қызметкерлері тұрғындарды әрбір қаржылық әрекетті бірнеше мәрте тексеруге шақырды.

Оң көзқарас, оң өзгеріс

Облыс шеңберінде соңғы жылдары табиғат тінін түлетуге бағытталған ауқымды жұмыс жүйелі негізде жүргізіліп келеді. Экологиялық ахуалды жақсарту – бүгінгі күннің талабы. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың республиканың елдімекендеріне 15 миллион ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасы өңірде нақты іспен жалғасуда. Маңызды міндет аясында облыс әкімдігі 2021-2025 жылдарға арналған елдімекендерді көгалдандыру және жасыл аймақтарды қалыптастырудың өңірлік жоспарын әзірлеген болатын. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында көзге көрінер нақты нәтижелер таразыланды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы болып сөз алған облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бактияр Санбаев биылғы көктем мен күз айлықтарында ауаны тазартып, айналаны ажарландыратын жасыл көшеттерді отырғызу ісі қарқын алғандығын мәлімдеді. Жоспар бойынша 54 265 ағаш егу көзделсе, бүгінде 60 474 түп жерсіндіріліп, меже 112 пайызға орындалған. Табиғатқа жанашыр жұрттың белсенділігі арқасында жоспардан тыс 6 мыңнан астам жасыл желек бой көтерді.

– Былтырдың жалпы көрсеткішіне көз салсақ, өңірдегі қалалар мен ауылдар аумағында 65 717 ағаш егілген. Жоспарланған 53 175 түппен салыстырғанда 127,5 пайыздық көрсеткіш көз қуағтады. Яғни, әрбір артық егілген ағаш – облыс экологиясына қосылған үлес, болашақ ұрпаққа қалдырылған табиғи аманат, – деді Бактияр Жұматайұлы.

Соңғы бес жылға бағытталған өңірлік жоспар да ойдағыдай



орындалуда. 2021-2025 жылдары аралығында 301 380 жасыл желек отырғызу межеленсе, іс жүзінде 343 915 түп ағаш тамыр жайған. Тегінде өңір халқының табиғатқа деген жауапкершілігі, экологиялық мәдениеті біртіндеп артып келе жатқаны аңдалса керек осыдан. Бүгінгі таңда аймақтың кез келген қаласы мен елдімекенін аралап, сейіл құрған жан жаңа егілген теректер мен шағандардың, қарағаш пен үйеңкінің самал желмен тер-белген жас сұлбасын көре алады. Иә, Қарағандының жасыл белдеуі жыл санап кеңейіп келеді. Экология тек көнігі мамандардың ғана емес, баршаның ортақ ісі екенін түсінген жұртшылық табиғатқа мейлінше жанашырлық танытып, өңірдің келбетін жаңғыртуға белсене атсалысуда. Жерге егілген әрбір жас тал-дарақ күні ертең саялы ағашқа айналып, даламызға тыныс, қаламызға сән бермек.

Бұдан соң сөз тізгінін алған облыстық энергетика және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев аймақта табиғатты қорғау мен орман байлығын көбейту бағытындағы жұмыстар жыл санап жаңа қарқын алып келетіндігін аңғартты. Кең даланың төсін көмкерген әр көшет – задында табиғи ресурс қана емес, өңірдің ауаны ару қалпында сақтайтын, тіршілік иелеріне пана болатын баға жетпес байлық. Сол құны жетпес құндылықты қорғау мен молайту міндетін облыстағы бірнеше орман шаруашылығы мекемелері жүйелі түрде атқарып отыр. Облыс аумағында мемлекеттік орман қоры бар. Оның едәуір бөлігін нақты орман алқаптары құрайды. Соңғы жылдары жасыл белдеу атаулысын ұлғайту, тозған аумақтарды қалпына келтіру жұмыстарында кідіріс жоқ.

– Мемлекет басшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдімекендерде жасыл желек қатарын көбейту жөніндегі тапсырмасы осы салаға жаңа серпін сыйлағандай. Өңір орманшылары ағаш егу, топырақты

дайындау, орман қорын толықтыру және көшет өсіру бағытында ауқымды шараларды қолға алды. Әрбір жоспарланған аумаққа жас шыбықтар егіліп қана қоймай, қосымша күтім жұмыстары да қатар жүргізілуде, – деп атап өтті Тілектес Темірбекұлы.

Орман шаруашылығы албанының жүрегі – орман тұқымбағы. Өңірдегі тұқымбақ аймақтың болашақ жасыл жамылғысын қалыптастыратын негізгі база саналады. Мұнда көшеттер бапталып, жыл сайын мыңдаған жас тал жерсінуге дайын күйде шығарылады. Тұқымбақтағы суару жүйесі, сақтау қоймалары, арнайы техника және басқа да инфрақұрылым көз алдымызда жаңарып келеді. Алдағы жылдары осы тұқымбақ аумағын кеңейту жоспарланып отыр. Ағаш егу жұмыстары өңірде жыл сайын жалғасып, қатаң бақыланады. Мамандардың айтуынша, әрбір егілген ағаштың тағдыры бір маусыммен шектелмейді. Шындығында бірне-

ше жыл бойы күтімді қажет етеді. Сондықтан, орманшылар тек егу ғана емес, кейінгі күтіп-баптау шараларын да қадағалау қажеттігін түсінеді.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесінің аумақтық инспекциясының басшысы Абзал Балтабаев та маңызды бағыттағы бастамалар нәтижесін оң бағалап, соңғы жылдары орман қорының жаңару қарқыны айқын байқалғандығын алға тартты. Себебі, әр салалық шаруашылықта ұйымдастыру, бақылау және технологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жолға қойылған.

– Қолға алынған ілкімді істердің барлығы орманның табиғи әлеуетін арттыруға арналуда. Көшеттердің жерсінуге көрсеткіші бірқатар факторға байланысты құбылып отырады. Дегенмен, биылғы маусымда жүргізілген жұмыстардың сапасы жоғары, әрбір егілген көшеттің күтімі жіті бақылауда. Бастысы, орман алқаптарын қалпына келтіру ісінде үзіліссіз үдеріс бар, тәжірибе де, мүмкіншілік те жеткілікті, – деп атап өтті Абзал Маратұлы.

Ол, сондай-ақ, орман саласындағы мамандардың біліктілігі артып, техникалық жарактандырудың жақсаруы нәтижесінде келесі жылдары көшелі көрсеткіштің бұдан да жоғары болатынына сенім білдірді. Келелі жиын барысында табиғат жанашырларының тұтас ел бойынша серпін алған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсене атсалысып келе жатқаны да айтылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың байырқалы бастамасы айналаны абаттандырумен қатар, қоғамның экологиялық санасын арттыруға тың леп әкелді. Жергілікті жұрт қолына тырма мен сыпырғы алып, өзен-көл жағалауын, орман алқаптарын, саябақтар мен көшелерді тазартып, қоршаған ортаға деген жанашырлықтың жарқын үлгісін танытып жүр. Игілікті шара орманды алқабын қалыңдату амалдарының да мәнін тереңдетіп, жасыл желекке деген қамқорлықты одан әрі күшейте түсті.

Өз кезегінде спикерлердің



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мәлімдемелерін мұқият тыңдаған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев орман алқаптарын молайту ісіндегі ең өзекті көрсеткіштердің бірі – көшеттердің жерсінуге пайызына тоқталды. Ол айтылған «57 пайыз» деген деректің өзі терең талдауды қажет ететінін атап өтті.

– Бүгінде аймақтағы қор да, техника да жеткілікті. Орман шаруашылығына қажетті заманауи технологиялар да тегеуірінді. Көзіміз көріп жүр: құмдауыт, шөлейт өңірлерге де көшет отырғызылып, тамыр жайып жатыр. Демек, бөлінген қаражат болсын, мамандардың маңдай тері болсын – бәрі де өз нәтижесін беріп тиіс. Өсім көрсеткіші маңызды. Көшет тамыр жайса – еңбектің өтеуі сол, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Аймақ басшысы орман алқаптарын қалпына келтіру ісінде ең қажетті шаралардың бір сәтке де кідіріссіз, жүйелі түрде атқарылуы керектігін қаперге салды. Ол жүйелі жұмыстың маусымдық науқан емес, жыл он екі ай жалғасатын үздіксіз үдеріс екенін атап өтті. Табиғаттың әр құбылысы өз заңымен жүретіні секілді орман шаруашылығы да кешегідей, салғырттықты көтермейді. Әр күн, әр апта дер кезінде суарылған бір талға, дер кезінде күткен бір көшетке айналып, ертеңгі орманның тағдырын айқындайды. Өңір басшысының айтуынша, саладағы барлық буынның үйлесімді жұмысы, техниканың сақадай сай болуы, мамандардың жауапкершілігі мен үздіксіз бақылау – орман шаруашылығының алтын арқауы. Осындай жүйелілік бар жерде ғана жасыл желектің көлемі артып, өңірдің экологиялық әлеуеті шын мәнінде жаңғыра түспек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «ҚЫС-2025»

Оқу-жаттығулар Осакаровта өтті

Қарағанды өңірінің арнайы қызметтері алдағы қыс маусымына әзірліктерін тағы бір пысықтады. Таяуда Осакаров ауданында «Қыс-2025» облыстық командалық-штабтық оқу-жаттығуларының практикалық кезеңі өтті. Оның барысында азаматтық қорғаныстың аудандық бөлімшелері, ҚР ТЖМ 52859 әскери бөлімінің қызметшілері, Қарағанды облыстық ТЖД Төтенше жағдайлар медицинасы орталығының мамандары қатысқан тактикалық-арнайы жаттығулар ұйымдастырылды. Іс-шараға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Руслан Кеңжебаев пен Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов қатысты.



Болатбек ӘШМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның барысында қыс мезгіліне тән төтенше жағдайлар туындаған күнде тиімді іс-қимыл жасауға басқару органдары мен мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесінің күштері қаншалықты дайын екені тексерілді. Оқу-жаттығулар аясында ауа райының күрт нашарлауына әрекет ету, іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ, қызметтердің өзара тұрақты іс-қимылын қамтамасыз ету мысалдары келтірілді.

Әсіресе, мамандандырылған топтардың жұмысына айрықша көңіл бөлінді. Адам аяғы жетуі қиын деген шартты аумақтарда тапсырма орындауға құтқару қызметінің үш атты қызметкері, зардап шеккендерді іздеуге үйретілген екі қызметтік ит қатысты.

Шараның қорытындысы бойынша Осакаров ауданының арнайы қызметтері қыс мезгілінде туындауы мүмкін төтенше жағдайларға толығымен әзір деген оң бағасын алды.

«Қыс-2025» ауқымды оқу-жаттығуы аясында Қарағанды облысы

бойынша 5 мыңнан астам адам мен 1700-ден астам техника жұмылдырылған. Қатысушылар қысқы ауа райы қатерлеріне байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою дағдыларын жетілдіріп, қызметтер арасындағы іс-қимыл тәртібін тағы бір пысықтады. Жаттығулардың нәтижесі бойынша облыстағы барлық қызметтердің қысқы кезеңдегі ықтимал төтенше жағдайларға толық дайын екендігіне көз жетті.

Сурет Sarybel.kz газетінің редакциясынан
Осакаров ауданы

• ӘЛЕУМЕТ

Заманауи зал ашылды

Балқаш қаласында Ақтоғай күніне орай өңірдегі спорт саласын дамытуға бағытталған бірқатар ауқымды шаралар өтті. Солардың аса маңыздысы – Металлург стадионы аумағында жаңа көпфункционалды спорт залының ашылуы. Бұл заманауи нысан – «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің демеушілігі және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асқан, әлеуметтік мәні зор жоба.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биіктігі 12 метр, жалпы аумағы 1320 шаршы метрді қамтитын жаңа спорт залында қазақ күресімен бірге дзюдо, еркін күрес, грек-рим күресі және самбо секілді түрлі күрес түрлерімен кәсіби деңгейде шұғылдануға мүмкіндік бар. Кең әрі жарық ғимарат халықаралық талаптарға сай жабдықталып, жаттығулар мен әртүрлі деңгейдегі жарыстарды өткізуге толықтай бейімделген.

– Қазақ күресі – халқымыздың бағырлық рухын, намысы мен жігерін ұрпаққа жеткізетін ұлттық мұра. Ашылған жаңа зал бұл өнерді дамытуға жаңа серпін беріп, ұлттық

спортты қала жастары арасында кеңінен насихаттауға жол ашады. Мұнда 400-ге жуық жас спортшы жүйелі түрде жаттығуға мүмкіндік алады. Сонымен бірге, нысан алдағы уақытта қалалық және өңірлік жарыстардың негізгі орталығына айналмақ, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Жоба аясында спорт залын салуға және оны заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге 200 млн теңге көлемінде инвестиция тартылған. Бұл қаражат ғимаратты тұрғызу, оны толық жабдықтау және барлық санаттағы тұрғындар үшін қолжетімді әрі инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталды. Жобаның бастамашысы – «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, ал,

«Қазақстан халқына» қоры негізгі серіктес ретінде қатысып, қаржыландыру мен іске асыруда маңызды рөл атқарды.

Айта кетейік, балалар мен жасөспірімдер үшін тұрақты және тегін спорт секциялары қарастырылған. Бұл Балқаш жастарының спортпен жүйелі түрде айналысуына, дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыруға және болашақ чемпиондардың шығуына мүмкіндік береді. Жақын уақыттарда жаңа зал базасында түрлі деңгейдегі жарыстар мен спорттық-мәдени шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

БАЛҚАШ

Сурет автордан



Капитал: идея мен инновация

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қызылорда өңіріндегі қызғылықты тәжірибе назар аударуға тұрарлық. Биыл көктемде БҰҰ мен Корея Республикасының қолдауымен 160-тан астам кәсіпкерге арналған AI және e-commerce, Digital Kyzylorda сынды курстар өтті Сыр елінде. Мұндай үлгі Қарағандыда енгізілген болса, қыр кәсіпкерлерінің де әлеуетін сатылап арттыруға мүлтіксіз мүмкіндік болар еді деген тосын ойға табан тірейміз. Болашақ – жасанды жадының шексіз дәуірінде екендігін саналы жан мойындаса керек-ті.

Қазақстан Республикасы бүгінінің өзінде сандық экономиканы дамыту бойынша Орталық Азияда көш бастап келеді. Еліміз БҰҰ-ның электронды үкімет индексінде 24 орынды еншіледі. Ал, «Astana Hub» технопаркi 28 елдің 1300-ден астам стартабын біріктіріп отыр. Былтыр ғана осы саладағы венчурлік инвестициялар көлемі 250 миллион долларға жеткен. Қарағандының өзінде де алдағы жылдары IT-хабтар желісін кеңейту, агроөнеркәсіп пен өндіріс саласында жасанды интеллектті енгізу жоспарланған. Мемлекет тарабы 2029 жылға дейін 20 мың жана IT-маман даярлауды көздейді. Қарағандының цифрлық серпіні – бүкіл елдің даму бағытының көшелі көрінісі. Индустриялық дәуірден цифрлық экономикаға өткен аймақ бүгінде жаңа буын кәсіпкерлерінің айнасына айналды. «Қарағанды кәсіпкерлері цифрлық дәуірге қадам басты» деген сөз енді ұран емес, шынайы өмір шындығы.



Сурет: ЖІ

Адам және алгоритм

Сандық дәуірдің екпіні адам еңбегін алмастырып қана қоймай, оны жаңа биіктерге жетелеуде. Кеше ғана шағын дәмхана ашуды армандаған жас кәсіпкер бүгін өз бизнесін жасанды интеллект арқылы басқарып отыр. Бастысы, бағдарлама емес, бағдар. Ал, бағдар – білімде. Цифрлық сауаттылық ендігіде әр кәсіпкердің табыс кілтіне айналды. Қазірдің өзінде жас кәсіпкерлердің ойы мен орамы тым бөлек. Олардың басты капиталы – идея. Сол идеяны іске асыруға мемлекет тарапынан қолдау бар, қоғам тарапынан сенім де бар. Қарағандының цифрлық болашағын қалыптастырып жүрген жастар бүгінде ел экономика-

сының жаңа беттерін жазып отыр. Әрбір стартап – Қазақстанның инновациялық жолындағы ізгі із. Ал, ертең баянды бастамалар аймақтың ғана емес, тұтас елдің технологиялық брендіне айналарына сенім мол. Әрине, технологияның дамуы тек өндіріс пен бизнестің көрсеткіші емес. Ол – қоғамның жаңа мәдениетінің бастауы. Қызмет көрсету мәдениеті өзгереді, тұтынушы талғамы түрленеді, еңбек нарығы жаңаша сипат алады. Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық ауыл кәсіпкерлеріне де қажет. Ғаламторы бар ауыл – өмірі бар ауыл. Сондықтан, цифрлық теңсіздік тек техникалық мәселе емес, әлеуметтік әділеттің өлшемі. Біз индустрия дәуірінен

цифрлық ғасырға өттік. Бірақ, кез келген технологияның өзегінде – адам ақылы мен ізгі ниет тұруы шарт. Болашақтың кәсіпкері тек табыс табушы емес, қоғам дамуына үлес қосушы тұлға болуы тиіс. Қарағандының бүгінгі серпіні – ел ертеңінің айғағы. Ал, жасанды интеллект пен адам интеллектінің үйлесімі – жаңа Қазақстанның жаңа келбеті.

– Біздің шағын және орта бизнес – бұл 4 жарым миллионға жуық қазақстандықты жұмыспен қамтып, елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 40 пайызын қамтамасыз етіп отырған адамдар. Олардың табысы – бүкіл экономиканың келешегі. Сондықтан да, цифрлық құралдардың олар үшін нақты

қолдауға айналып отырғаны ерекше маңызды. Біз көп жағдайда цифрлық платформаларды тек жас стартаптарға арналған кеңістік деп ойлаймыз. Алайда, біздің сауалнама нәтижесі керісінше – цифрландыру баршаға ашық екенін көрсетті, – деді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқа төрағасы Райымбек Баталов.

Фермер мен финтех

Келер жылдың 1 қаңтарынан бастап, кәсіпкерлер қолма-қол ақшамен жұмыс істеудің жаңа тәртібіне көшеді. Салық органдарына арналған есептерде жаңа жол пайда болады. «Алынған қолма-қол қаражаттың мақсаты туралы ақпарат» дейтін. Ал, шекті мөлшерлер өзгеріссіз қалады: шағын бизнес үшін – 20 миллион теңге, орта бизнес үшін – 120 миллион, ірі бизнес үшін – 150 миллион теңге. Соңғы жылдары ірі сомалар банктер мен реттеуші органдардың ерекше назарында бола бастағаны байқалады.

– Бұл өзгерістердің барлығы цифрландыру үдерісінің айқындығын арттыру, аударымдар мен транзакцияларды электронды форматқа көшіру үшін жасалып отыр. Өйткені, мұндай жүйе арқылы бақылау жеңілдейді, көлеңкелі айналымға кету қиындай түседі. Жалпы алғанда, осындай бастама көлеңкелі экономиканың көлемін айтарлықтай азайтуға оң әсер етіп келеді деп күтеміз, – деген ой тұжырады қаржы сарапшысы Арман Бейсембаев.

Ендігіде банктер төлем мақсаты күмәнді көрінген жағдайда қолма-қол қаражат беруден бас тартуға құқылы. Ең бастысы, бас

тарту туралы шешімге шағымдану тәртібі қарастырылмаған. Осындай апелляция тетігінің болмауы тек бизнес өкілдерін ғана емес, заңгерлерді де алаңдатып отыр. Олар Конституцияға сай әр азаматтың сот арқылы қорғану құқығы сақталуы тиіс екенін еске салады. Қош, сандық тетікке қайта оралсақ, облыста агротехнологиялық хаб құрылады. Бұл орталықта озық ғылыми зерттеулер, білім беру бағдарламалары мен бизнес-платформалар шоғырланатын болады. Жаңа хаб ауыл шаруашылығындағы инновациялық өсімнің қозғаушы күшіне айналып, өнімнің сапасы мен өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталмақ. Сонымен қатар, ол білім мен технологияларды экспорттауға арналған алаң ретінде қызмет етпек, деп хабарлады Қарағанды облысының әкімдігі.

Ілгеріге ілгешек іздеп тауып, уақыт дөңгелегі енді өндіріс пен интеллектті, еңбек пен алгоритмді тоғыстырып отыр. Сандық сана – жаңа игілік бастауы. Ал, сол сананың иесі – адам. Даңғайыр дәуірдің басты капиталы енді темір мен тас емес, идея мен инновация. Қарағандының цифрлық қадамы – елдің ертеңіне салынған сенім көпірі. Әр стартап, әр қолданба, әр батыл бастама – тәуелсіз Қазақстанның кең тынысының айғағы. Болашаққа бағытталған бұл бетбұрыс – ұлттың өр рухы мен жаңғырған санасының жемісі. Өйткені, нағыз даму – технологияда емес, сол технологияны ізгілік жолында қолдана білуде деп кәміл пайымдаймыз.

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...


ЖИ таң қалдырудан жалықпайды

Жасанды интеллект туралы айтып келе жатқанымызға неше жылдың жүзі болды. Жазған сайын, тақырыпты төңіректеген сайын мың да бір пайдасын да, мың да бір зиянын да танып, білудеміз. Әріге бармай-ақ қарапайым мысал ретінде облыстық «Орталық Қазақстан» газетін алайық. Сіз бен біздің көз алдымыздан өтіп жатқан осы тақырып турасында жарияланып жатқан материалдарда есеп жоқ. Бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік салмағын арқалаған, жасанды интеллектінің әлеуетін сан қырынан танытқан еңбектер. Осыған қарап, қызықтың көкесі әлі алда екенін, бәрі енді ғана басталғанын түсінесіз. Қалай дегенмен де, ХХІ ғасырдың екінші ширегінен дәл осы жасанды интеллектінің дәуірі басталды. Жаңа ай, жаңа жыл, тіпті жаңа ғасыр емес, жаңа дәуір. Жаңа дәуір неше ғасырды қамтиды, немесе мың жыл үстемдік ете ме? Қазірдің өзінде білім мен экономика, медицина, құрылыс, коммуникация, мемлекеттік қызмет секілді маңызды салалардың барлығымен қабысуда. Бүгінгі сөзімізде баладай көз алдыңызда жетіліп келе жатқан жасанды интеллектінің тағы бір қылығын айтпақпыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасанды интеллектінің Чат GPT деген қосымшасы пайда болғалы «ақындар мен жазушылар» қаптап кетті. Арнайы антиплагиаттық жүйеге салмасаныз, табиғи туынды мен жасанды туындыны айыра алмайсыз. Бұл туралы талай жазылды. Өлгі қосымша үшін журналистік зерттеу, ғылыми диссертация, қарапайым мақала, өлең жазу дегеніңіз, тіпті оңай. Бұрынғы осы жұрт еске алу, белгілі бір байқауға таныстыру жаздыру үшін ақындардың қыр соңынан қалмайтын еді. Қазір бұл мәселені жасанды интеллекттің қосымшасы жүктелген смартфонңызбен-ақ реттейсіз. Өмірлік жолын қасиетті қаламмен төсеген қаламгерлер қауымы былтырдан бері дүрлігіп жүр. Қаламгерлердің ауылына төнген бұлт композиторлар мен әншілердің ауылына да бағыт алыпты. Бүгінде жасанды интеллект ән жазып, тіпті, белгілі бір әннің кавер нұсқасын санаулы минутта әзірлеп береді. Ән айтатын дауысыңыздың, қабілетіңіздің жетіңізге да қайғы емес. Қалаған әнiңiздi шамаңыз жеткенше айтып, студияда жаздырасыз. Сол жазбаны жасанды интеллект ақылы қосымшасына жүктейсіз. Сізді тап-тамаша әншіге айналдыра салады. Үлкен сахнаға шықпасаңыз да, той-томалақ, қызық-қуаныштарда қошеметке бөленіп, әнші атанасыз. Міне, «абракадабра» дегеніңіз – осы.

Мысалы, қырғыз халқының Элмирбек Иманалиев деген әні бар. Бұл – Қырғызстан тыңдарманына бұрыннан танымал ән. Әлдебір блогер жасанды интеллекті арқылы сол әннің кавер нұсқасын жасапты. Өлгі кавер әлеуметік желілерде небәрі 1 айдың ішінде 2 млн-ға жуық қаралым жинаған. Instagram, Tik-



Сурет: ЖІ

Ток, You Tube желілерін ашып қалсаңыз болды, «мен мұңдалап» көз алдыңызда жарқ ете қалады. Жасанды интеллектінің мұндай мүмкіндігі барынан хабары жоқ адам орындаушыны ғаламат әншілердің қатарына қосары анық. Кәдімгідей толқытып, елжіретіп жібереді. Тіпті, бірнеше қайталап тыңдауыңыз да ықтимал. Бұл бір ғана мысал. Мұндай әндер мен кавер нұсқалар ғаламторда самсап тұр.

Біржан салдың, Ақан серінің,

немесе халық әндерінің рәп, тіпті, рок жанрындағы нұсқасын жасау да қиын емес. Жалпы айтқанда, ойыңызға не келеді, сонсы істейсіз. Жасанды интеллект бәріне әзір.

Мысалы сіз ақынсыз. Өзіңізге ерекше ұнайтын, «әнге егіз-ау» деген бір өлеңіңізді жасанды интеллектінің қосымшасына жүктеп, «мына өлеңге ән жаз» деп пәрмен бересіз. Жасанды интеллект сізден «әнді қандай жанрда жазайын?», – деп сұрайды. Рок

па, джаз ба, шансон ба, қалауыңыз біледі. Бір минут күтесіз. Керек десеңіз, әннің ажарын ашатын бэт вокалдың түр-түрін қосасыз. Әннің ырғағын (тональность) реттейсіз. Ер адамның дауысы керек пе, әлде әйелдікі ме, ол да оңай шешілетін шаруа. Гитараның, пианиноның, керек десеңіз, домбыраның, сырнайдың үнімен әрлейсіз. Кәсіби тілмен айтқанда, аранжировка. Алақандай смартфонңыз ән жазылатын кәсіби студияның рөлін атқарады. Сөйтіп, сөзіңізге әнiңiз дайын.

Жасанды интеллект музыканы қалай жазады? Осыған анықтама берелік. ЖИ осы уақытқа дейін ғаламторға жүктелген музыканың барлығын зерттеп, қас-қағым сәтте үйрене алады. Миллиондаған, тіпті, миллиардтаған әннен сізге қажетті әнге детальдерді жинақтайды. Нейрожелілер ноталардың, ырғақтың, аккордтардың және композиторлардың стилінің құрылымын да зерттейді. Генерация: берілген параметрлер бойынша, яғни, жанр, көңіл күй, темп, аспаптар бойынша ЖИ жаңа музыкалық тізбектер жасайды. Өңдеу, немесе аранжировка және мастеринг: қазіргі үлгілер тек әуен құрастырып қана қоймай, аспаптардың, эффектiлердi және дыбыс өңдеуді нағыз дыбыс режиссері сияқты тандай алады. ЖИде «Sun», «Udio», «Mubert», «AIVA», «Amper Music» деп аталатын ән құрастыратын жүйелер вокалы бар толыққанды әндер жасайды. Ал, «OpenAI MuseNet» және «Jukebox» жүйелері Бах, Бетховен, Queen секілді стильдерде музыка жаза алатын эксперименттік үлгілер.

ЖИ фильмдерге, ойындарға және жарнамаларға саундтрек жаза алады. Дәл қазіргі көңіл күйіңізді тиісінше жазып бере алсаңыз, көңіл күйге сай фондық әуендер құрастырады. Тіпті, белгілі композиторлар мен орындаушылардың стиліне еліктейді.

ЖИ-ге берілетін тапсырма: нәсел бір үлгісін жазып көрелік. Мәселен, сіз мұғалімсіз. Мектепте өтетін патриоттық іс-шараға арнайы фольклорлық стильде әуен жазғыңыз келеді делік. Мысалы, ЖИ-ге «Домбыра мен қобыз дыбыстары негізінде жасалған әуен. Баяу басталып, біртіндеп қарқындырақ ырғаққа өтеді. Әуен қазақ даласының

көңдігін, желдің дыбысын және еркін рухты бейнелейді. Заманауи этно-фьюжн стилінде, жеңіл электронды сүйемелмен. Эпикалық, шабыт беретін атмосфера» деп тапсырма бересіз.

Әлбетте, ЖИ эмоциядан ада. Адамның эмоциясы, табиғи қабілеті араспаған туынды мінсіз болуы да мүмкін.

Жасанды интеллектінің төңірегінде болып жатқан осы жаңалықтарға байланысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары жаңа заң жобасын ұсынды және сол заң мақұлданды. Енді 2026 жылдан бастап, сахналарда фонограммамен ән айтуға ресми түрде тыйым салынды. Заң бұзылған жағдайда әнші лицензиясынан айырылады және 3 жарым млн теңге айыппұл төлейді.

Елімізге белгілі сазгер, әнші, Кеншілер мәдениет сарайының директоры Саят Әбдіғали қабылданған заңның маңыздылығына қатысты пікір білдірді.

– Қабылданған заң фонограммаға түбегейлі тыйым салмайды. Мәселен, бұл тыйым 200 адамнан көп сыйымдылығы бар мәдени, бұқаралық іс-шараларды қамтиды. Ал, далада өтетін концерттерде фонограммамен өнер көрсетуге рұқсат беріледі. Себебі, күн желді болуы мүмкін. Әншінің дауысы естілмей қалуы әбден ықтимал. Билет сатып жекен концерт беретін өнерпаздарға заң қатал. Құнын төлеп, концертке барған халықты алдауға болмайды. Олар жанды дауыста ән тыңдауы керек, – деді Саят Әбдіғали.

Қазақта «Қалауын тапсаң, қар жанар» деген сөз бар. Ғылыми тұрғыда қарасак, қардың құрамы 99% H2O-дан, яғни, судан тұрады. Ал, судың жаңуы әсте мүмкін емес. Бірақ, қазақ «Қалауын тапсаң...» дейді. Бәрі ғылымның қолында. Адамзат өркениетінің тарихына қарасаңыз, ғылымда шек жоқ секілді. Себебі, ғылым дегеніңіз – Алланың хикметі. «Адамды сүйі, Алланың хикметін сез. Не қызық бар өмірде одан басқа» демей ме хәкім Абай. Ғылымның дамығаны сонша, бүгінде Жаратушыдан дарын дарымаса да, жаңа дәуірдің, технологияның, соның ішінде, жасанды интеллектінің тілін білген адам күндердің бір күні жұрт алдына ақын, немесе сазгер болып жарқырап шыға келуі мүмкін.

• ДЕНСАУЛЫҚ

63 мыңнан астам жағдай тіркелді

Эпидемиологиялық маусым басталғалы ЖРВИ мен тұмаумен сырқаттанушылық айтарлықтай артқан. 1 қазан мен 13 қараша аралығында өңірде жедел респираторлық вирустық инфекцияның 63 251 жағдайы ресми түрде тіркелген. Науқастардың 56%-ын 14 жасқа дейінгі балалар құрайды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрігерлер жағдайдың бақылауда екенін айтқанымен, вирустардың айналымы әлі бәсеңдейтін түрі жоқ. Науқастардың басым бөлігі – вакцина алмаған балалар.

Зертханаларда А (H3N2) тұмауының 35 жағдайы расталды. Бұл – маусым сайын пайда болатын қалыпты штамм. Бірақ, биыл науқастардың 83%-ын балалар құрайды. Тағы бір маңызды жайт ешқайсысы вакцина салдырмаған.

Дәрігерлердің айтуынша, бұл вирус дене қызуын тез көтереді, қалтырау, бұлшықет ауыруы, бас ауруы сияқты күрделі белгілермен басталады.

Зерттелген үлгілердің 59%-ы тұмауға жатпайтын вирустар болған. Олардың ішінде, риновирус, парагрипп, коковирс, аденовирус, РС-вирус.

Яғни, өңірде қазір бірнеше вирус бір уақытта таралып жатыр.

Білім беру ұйымдары күн сайын оқушылардың жағдайын бақылауда ұстап отыр. Бірде-бір мектепте ауру деңгейі бір сыныпта 10%-дан асқан жоқ.

Балабақшалар мен медицина мекемелерінде «филтр» жүйесі жұмыс істеп, белгілері бар балалар бірден дәрігер қарауына жіберіледі.

Бүгінде облыста 143 мыңнан астам адам тұмауға қарсы екпе алған. Бұл – халықтың 12 пайызы.

• СУРДЛИМПИАДА

Токиода топ жарды

Жапония астана-сы Токиода есту қабілеті зақымданған спортшылар-дың төрт жылда бір өтетін XXV жазғы Сурдлимпиада-сы басталды. Биылғы дүбір-лі додаға 81 мемлекеттен жиналған үш мыңға жуық спортшы қатысып, 21 спорт түрі бойынша 209 дисципли-нада бақ сынауда. Әлемдік аламанда Қазақстан құра-масы да өз әлеуетін та-нытпақ. Ел намысын сегіз спорт түрінен 78 спортшы қорғайды. Солардың ішін-де, Қарағандыдан барған тоғыз спортшы бағдарла-маның үш бағытында өнер көрсетеді. Сурдлимпиада-ның басталғанына санаулы күн болса да, қазақстандық спортшылар кеше түске дей-ін төрт алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды. Ал, бұл қатарда дзюдодан 81 келіде белдескен Еркебұлан Қанафин ел қоржынына ал-тын салып, екі дүркін Сурд-лимпиада чемпионы атаң-ды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сурдлимпиаданың ашылу сал-танаты Токио Метрополитен гимна-зиясы спорт кешенінде өтті. Іс-ша-раны Есту қабілеті зақымданған спортшылар спортының халықа-ралық комитеті (ICSD) президенті Адам Коса ашып, барлық қаты-сушыға сәттілік тіледі. Ашылу



салтанатында еліміздің байрағын дзюдодан спорт шебері, XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарының жүл-дегерлері Айдос Түгелбаев пен Анна Краморова көтеріп шықты. Ал, Ұлт-тық Сурдлимпиада комитетінің пре-зиденті Серік Сәпиев құрамадағы спортшыларға қолдау көрсетіп, өз пікірін білдірді.

– Бұл ойындар – спортшылары-мыздың ең жоғары деңгейде бәсеке-ге қабілетті екенін дәлелдейтін мүм-кіндік. Қазақстандық команда үлкен дайындықтан өтті. Әрбір спортшы жарыс жолына бір мақсатпен, яғни, ел абыройын асқартату үшін шыға-ды. Сондықтан, осы жолда бар-шаңызға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Ұлттық құрама үшін алғашқы жарыс 16 қарашада, сурдо дзюдо мен сурдо бадминтоннан басталған. Кейін жарыс кестесіне сәйкес жеңіл атлетика, үстел теннисі, жүзу, грек-рим күресі, таэквондо және еркін күрес додалары жалғасуда.

Еркебұлан Қанафин – дзюдодан (сурдо) Қазақстан Республикасы-ның спорт шебері. 2022 жыл Брази-лияның Кашиас-ду-Сул қаласында өткен Сурдлимпиада ойындарының чемпионы. 2023 жыл Қырғызстан-ның Бішкек қаласында өткен Азия-Тынық мұхиты чемпионатында да алтыннан алқа таққан. Ал, былтыр Түркістанда өткен дзюдодан әлем чемпионатында жеке сында қола

жүлдеге қол жеткізсе, командалық есеппе I орын иеленген. Осы жолы жерлесіміз өз салмағында ақтық бәсекеде венгриялық Патрик Отво-штың жауырынын жерге тигізіп, ал-тыннан алқа тақты.

Сонымен қатар, таэквондодан да үміт артып отырған жерлестеріміз жоқ емес. Бұл құрамда Аян Абдраш, Виктор Фрундин, Нұрдәулет Жақып, Айжомол Абдикатова, Аида Мака-това және Мөлдір Мұқашева сын-ды білікті спортшыларымыз өнер көрсетпек. Ал, Диас Кенжебек пен Давид Петлеван жүзу спортынан бақ сынайды.

Сурет Туризм және спорт министрлігінен

• БАЙҚАУ

Ұлттық маңызды жоба

Ұлымыз құл емес, ұл болсын десек, бойына ұлттық нәрді, қуатты сіңірген абзал. Ал, ұлт қуатының өзегі, құнары батыр-лық жырларда жатыр. Ұлтарактай жер үшін жанын пида еткен, ел мұраты жолында көзсіз ерліктерге барған баһадүр бабалар-дың жігерін жаныған, көкірек көзін ашқан осы мұра. Батырлар жыры саналы ұрпақты тәрбиелеуде, қалыптастыруда маңы-зды рөл атқарары сөзсіз. Ел келешегіне ие болар жас ұрпаққа ұлттық рухты сіңіру мақсатында аймақта мектеп оқушылары арасында «Тұлпар мініп, ту алған» атты батырлар жырын оқу байқауы бастау алды. Игілігі мол байқауды облыс әкімдігі мен «AMANAT» партиясының облыстық филиалы ұйымдастырып отыр.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ұлттық байқау Қараған-ды облысынан басқа өңірлерде 8 жыл бұрын басталған. Алғаш рет оқушылар «Алпамыс батыр» жырын жаттаған. «Қобыланды батыр», «Ер Едіге» секілді ерлік жайлы жыр-дастандар қамтылған.

Өңірімізде биыл ғана қолға алын-ды. Өңіріміз ұлттық байқаудың табалдырығын «Бөгенбай батыр» жырымен аттады.

«Тұлпар мініп, ту алған» ұлт-тық байқауы екі кезеңнен тұра-ды. Біріншісі – аудандық кезең. Аудандық кезең 20-28 қараша күндері аралығында өтеді. I, II, III орын алған жүлдегерлер об-

лыстық кезеңге жолдама алады. Облыстық кезеңге жалпы саны 39 жолдама бар. Бірінші кезеңнің жеңімпазына – 150 мың, II орын алғанға – 100 мың, ал, III орынға 70 мың теңге қаржылай сыйлық табысталады.

Екінші, яғни, облыстық кезең-де I орын алған мектеп оқушы-сына I млн теңге көлемінде қаржылай сыйлық беріледі. Оған қосымша жоғары оқу орнының гранты тағайындалады. Шәкіртің ұлттық байқауға дайындаған ұс-тазына жаңа автокөлік табыста-лады. II орын алған жүлдегерге – 500 мың теңге, ал, III орын ие-геріне 250 мың теңге бұйырмақ. Жүлдегерлердің ұстаздарына да дәл сол мөлшерде қаржылай сый-лық алатынын атап өткен жөн.

«Тұлпар мініп, ту алған» жо-басының облыстағы жетекшісі Дәурен Сейтжанұлы байқауға ка-

тысуға өтініш бергендердің саны өте көп екенін айтты.

– «Бөгенбай батыр» жыры 114 беттен тұрады. Байқауға қатысуға облыс бойынша 4 мыңнан астам оқушы өтініш берген. Соның ішінде, 70-ке жуығы өзге этнос өкілдері. Шарты – жырды толық жаттау, мүдірмей, мөнерлеп айту. Қазылар алқасы кез келген жер-ден тоқтатып, кез келген тұсынан «жалғастыр» деп талап қоя ала-ды. Батырлар жыры оқушының тілдік қорын байытады, бойын-да мінез қалыптастырады, ойлау жүйесін дамытады. Ақ пен қара-нын, жақсы мен жаманды ажыра-татын түйсігі де дамиды. Батыр-лар жырында тарихымыз жатыр. Билер мен хандар туралы дерек мол. Осының бәрін білген жас өрен ертен елінің нағыз патри-отына айналары анық, – деді Дәу-рен Сейтжанұлы.

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Балалар біріншілігі басталды

Өңірде шағын футболдан балалар мен жасөспірімдер арасын-дағы Freedom Balalar Futbol Ligasy біріншілігінің қысқы маусы-мы басталды. Маусымның ашылу салтанаты «Аманат» спорт кешенінде өткен болатын. Әрі алғашқы ойын да дәл сол жерде басталды. Маусымның ашылуына Қазақстан ұлттық құрама-сының ойыншысы, «Шахтер» клубының капитаны Игорь Шац-кий мен команда шабуылшысы Айдос Тәттібаев қатысып, жас спортшыларға ізгі тілегін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, өткен жылы об-лыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, облыстық фут-бол ассоциациясы (QOFA) және Қазақстан әуесқой футбол лига-сының (КЭФЛ) өңірлік филиалы бірлесіп, ұшжақты меморандумға қол қойған еді. Сол құжат аясын-да осы лиганың қысқы маусымы бастау алған. Меморандум өңір-дегі балалар футболын жүйелі дамыту мақсатында қабылданған.

Құжатқа қол қойылған сәттен бастап, командалар саны 159-ға дейін өсіп, жас футболшылардың жалпы саны 3 мың адамға жеткен. Лига ойындары аясында аптасына 76 матч өткізу жоспарланып отыр. Ал, бұл көрсеткіш BFL үшін – ре-кордтық нәтиже.

– Балалар футболында тұрақты матчтар өте маңызды. Балалар тез шешім қабылдауды, қысым астында ойнауды, жау-апкершілікті алуды үйренеді. Ең бастысы – жеке тұлға ретінде өседі. Freedom BFL жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Ересектер мен ба-



лалар үшін де маусымды бақылау қызықты болады деп сеніммен айта аламын, – деді Игорь Шац-кий.

Сонымен қатар, Айдос Тәтті-баев та жобаның Қарағанды фут-болының болашағы үшін маңыз-дылығын атап өтті.

• ФУТБОЛ

Үмітті тағы үкіледік

Қазақстан футбол құрамасы әлем чемпионатының іріктеу кезеңін сүренсіз бастағанымен, соңғы үш ойында керемет өнер көрсетті. Командалық ойын. Командалық рух. Жеңіске деген жігер. Дәл осы қасиетті Бельгия құрамасына қарсы өткен ой-ында көрдік. Қарымта кездесуді өз алаңымызда өткізіп, 1:1 есебімен тең түстік. Ал, бұл нәтиже үлкен сенсацияға айналды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бельгия – азулы қарсылас. Әрі топтың көшбасшысы. Өт-кен жолы бірінші кездесуде ұлт-тық құрама 0:6 есебімен жеңіліп қалған болатын. Осы жолғы қа-рымта кездесуге команда «Ең болмаса ұпай жоғалтпайық» деген мақсатпен шыққан. Сол ой жүзеге асты. Қарсыластарға қарсы мінез көрсете білдік. Әрі бірінші болып есеп аштық. Құраманың бас бапкері Талғат Байсуфинов матч алдындағы брифингте: «Біздің команда тек шабуылға бағдарланған», – деп айтқан еді. Бұл жолы бапкердің болжамы да, тактикасы да то-лықтай орындалды деп айтуға негіз бар.

Кездесудің небәрі 9-мину-тында Дастан Сәтпаев есеп ашты. Нақтысын айтсақ, қар-сыластардың өрескел қателі-гін пайдаланып, өзіне келген мүмкіндікті мүлт жібермеді. Әрине, Дастан – басқа деңгей-дегі ойыншы. Жанкүйерлер оны еуропалық клубтың ша-буылшыларымен де салысты-рып жатады. Онысы – рас енді. Бойында мінез де, қайсарлық та бар. Кәсібилік деңгейі өз алды-на бір төбе. Өзі бұған дейін де ұлттық құрама сапында жоғары деңгейде өнер көрсетіп жүрген талантты футболшы. Бұл жолы да жарқ етті.

Одан бөлек, қақпашы Темір-лан Анарбековтің еңбегін де ерекше атап өтпеске болмас. Бельгия құрамасы негізгі ойын-шыларымен толық құрамда кел-месе де, Еуропа алаңында доп теуіп жүрген мықты футбол-

шылары бар. Сол футболшылар-дың өзі Темірланның қақпасынан саңылау таба алмады.

Қазіргі таңда елдің аузында – Анарбековтің ерлігі. Бұл футбол-шы өзгелер секілді бір күн ойнап, бір күн ойыннан тыс қалмайды. Тұрақты өнер көрсетіп жүр. Тіпті, біраз уақыттан бері еуропалық клубтар да Темірланға көз тігіп отыр. Әрине, Еуропа төрінде қа-зақ баласы доп тепсе, қалай қуан-басқа?!

Ұлттық құрама Әли Әлиевтің жетекшілігімен әлем чемпиона-тын бастаған еді. Сол кезеңде құрамамыз Солтүстік Македония, Уэльс және Бельгия құрамасынан қатарынан жеңіліп, қиын сәттерді бастан өткерді. Кейін бас бапкер лауазымынан босатылып, орнына Талғат Маруанұлы тағайындалған. Оның алғашқы ойыны – Лихтен-штейн құрамасына қарсы кездесу. Нәтижесінде, өз алаңымызда үш ұпай еншілеп, командаға сенім оралды. Одан кейін, Солтүстік Македониямен тең түсті. Енді міне, Бельгиямен де қарымта кез-десу тең аяқталды. Бұған дейін жеңілістен көз ашпай келе жатқан ұлттық құрама жігіттері алаңға үлкен күшпен қайта оралды. Егер бұл жалғаса берсе, нәтиже сөзсіз жаман болмасы анық. Бір сөзбен айтқанда, жанкүйерлердің ұлттық құраманың жетістігіне деген үміті қайта жанды.

Бүгінде ұлттық құрама әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде-гі жорығын аяқтады. Өз тобында 8 ұпаймен IV орынға табан тіреді. Ал, бұл көрсеткішке жанкүйерлер қауымы өз бағасын бере жатар. Дегенмен, келер жылға үміт мол.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

– Мен Freedom BFL жобасын біздің облыста балалар футболы-ның дамуының жаңа кезеңі ретінде білемін. Менің ойымша, бұл жоба Қарағандыдағы балалар футболы-ның дамуына зор үлес қосып, та-ланттарды ерте жастан анықтауға мүмкіндік береді. Бұл – бүкіл өңір футболы үшін де, балалар үшін де қызықты әрі маңызды бастама. QJ League деңгейі секілді барлық тур жоғары деңгейде өтеді деген сенімдемін. Бәсекелестік ерекше тартысты болары сөзсіз, – деді ол.

Бұрын BFL жеке коммерциялық турнир ретінде ұйымдастырылған. Биыл ресми мәртебеге ие болып, бірқатар өзгерістерге ұшырады. Ұшжақты меморандумға қол қой-ылғанын кейін лига қайта жанда-нып, жаңа форматқа көшті. Қазіргі таңда ойыншылар жас категория-сына қарай U-7-ден U-16-ға дейін бөлінген. Ал, матчтар бұрынғыдай емес, төрт алаңда өтеді. Меморан-

дум талаптарына сәйкес енді ой-ыншылар спорттық разрядтар ала-ды. Сонымен қатар, электронды матч протоколы енгізіліп, біртұтас цифрлық қосымша құрылған. Енді нәтижелер, статистика және басқа да ақпараттар ата-аналар мен бап-керлерге қолжетімді бола түскен.

Қысқы маусымның бірінші ой-ынын «Шахтер U10» және «Скаут U10» командасы бастап берді. Қос команда арасындағы ойын тар-тысты өтті. Нәтижесінде, қарсы-ластар 1:1 есебімен тең тарқасты.

Айта кетейік, Freedom BFL біріншілігінде аралас форматтағы матчтар да ұйымдастырылады. Яғни, ұлдар мен қыздар бір ко-мандада өнер көрсетеді деген сөз. Ұйымдастырушылар «Мұндай ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтіп, бәсекелестікті арттыра-ды», – дейді ұйымдастырушылар.

Сурет QOFA

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 495 №127 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ				Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерханат КЕНЕСБЕКҰЛЫ	